



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЕСЕП

Астана қ. Әкімдігінің «Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау
колледжі» МКҚК –ның

Мамандығы: 0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру»

Біліктілігі: 0507063 « Қызмет көрсетуші менеджер»

Мамандығы: 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»

Біліктілігі: 0508063 « Қызмет көрсетуші менеджер»

Мамандығы: 1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы
және оны ұйымдастыру»

Біліктілігі: 1226033 –Технолог мамандықтары бойынша білім беру
бағдарламаларының арнайы аккредиттеу талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша
сыртқы сараптау комиссиясының жұмыс нәтижелері туралы

Астана 2018

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ

Сыртқы сараптау комиссиясы

АРТА аккредитациялық кеңесіне



Независимое агентство
аккредитации и рейтинга

**Астана қ. Әкімдігінің «Экономика, технология және тағам өндірісін
стандарттау колледжі» МКҚК –ның**

**Мамандығы: 0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және
ұйымдастыру»**

Біліктілігі: 0507063 « Қызмет көрсетуші менеджер»

Мамандығы: 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»

Біліктілігі: 0508063 « Қызмет көрсетуші менеджер»

**Мамандығы: 1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы
және оны ұйымдастыру»**

**Біліктілігі: 1226033 –Технолог мамандықтары бойынша білім беру
бағдарламаларының арнайы аккредиттеу талаптарына сәйкестігін бағалау
бойынша сыртқы сараптау комиссиясының жұмыс нәтижелері туралы**

ЕСЕБІ

Астана қ., 23 мамыр 2018 жыл

МАЗМҰНЫ

I	БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАРДЫҢ ТІЗІМІ	3
II	КІРІСПЕ	4
III	БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ КӨРІНІСІ	5
IV	ССК БАРУ БОЙЫНША СИПАТТАМА	8
V	МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ	11
5.1	СТАНДАРТ «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БАСҚАРУ»	11
5.2	СТАНДАРТ « БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»	15
5.3	СТАНДАРТ «ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ»	19
5.4	СТАНДАРТ «БІЛІМ АЛУШЫЛАР»	23
5.5	СТАНДАРТ « БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН РЕСУРСТАР»	31
5.6	СТАНДАРТ «ЖЕКЕЛЕГЕН МАМАНДЫҚТАР ШЕҢБЕРІНДЕГІ СТАНДАРТТАР»	35
VI	ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША ЖАҚСЫ ТӘЖІРИБЕНІҢ/ КҮШТІ ЖАҚТАРЫНА ШОЛУ ЖАСАУ	37
VII	САПАНЫ ЖАҚСARTU БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАРҒА ШОЛУ ЖАСАУ	38
VIII	БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ДАМУ ТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАРҒА ШОЛУ ЖАСАУ	40
	Бағалау кестесі « МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БЕЙІН ПАРАМЕТРЛЕРІ»	42

Белгілеулер мен қысқартулар

АРТА – Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі
ССК – Сыртқы сараптау комиссиясы
ББ – Білім беру бағдарламасы
ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
МКҚК – Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын
МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары
ТҚ – Техника қауіпсіздігі
ТЖКБ – Техникалық және кәсіптік білім беру
ИПҚ – Инженерлік-педагогикалық қызметкер
ЦӘК – Циклдік әдістемелік комиссия
МТБ – Материалдық-техникалық база
ҮОБ – Үлгілік оқу бағдарламасы
ОЖБ – Оқу жұмыс бағдарламасы
ОӘК – Оқу – әдістемелік кешен
КЭТ СПП – Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжі



арта

II. КІРІСПЕ

2017 жылдың 6 қарашасындағы Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз Агенттігінің №70-71ОД бұйрығына сәйкес 2018 жылдың 21-23 мамыр аралығында Астана қаласының «Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжі» МКҚК-ға

Мамандығы: 0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру»

Біліктілігі: 0507063 « Қызмет көрсетуші менеджер»

Мамандығы: 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»

Біліктілігі: 0508063 « Қызмет көрсетуші менеджер»

Мамандығы: 1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»

Біліктілігі: 1226033 –Технолог мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясының (ССК) баруы жүргізілді.

ССК есебінде білім беру ұйымының ұсынылған білім беру бағдарламаларының АРТА өлшемдеріне сәйкестік бағасы, білім беру бағдарламаларын әрі қарай жетілдіру ССК ұсынымдары және «Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжі» МКҚК білім беру бағдарламаларының бейіндік параметрлері берілген.

ССК құрамы:

1. **Комиссия төрағасы** – Сандыбаева Динара Айдаровна, Петропавловск қ. «Солтүстік Қазақстан кәсіптік-педагогикалық колледжі» МКҚК экономикалық-педагогикалық бөлімінің меңгерушісі;

2. **Шетелдік сарапшы** – Овчаренко Ольга Григорьевна, Ресей федерациясының Омск қ. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технология және басқару университетінің филиалы, университеттік химия-механикалық колледжі директоры;

3. **Сарапшы** – Орманов Сарсебай Ермекбаевич, Алматы қ. «Алматы технологиялық университеті» АҚ колледжі директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары;

4. **Сарапшы** – Каримова Алмагуль Каримовна, «Ақтау технологиялық сервис колледжі» КМҚК директорының оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары;

5. **Сарапшы** – Темирбекова Айжан Болатовна, Алматы қ. сервистік қызмет көрсету колледжі» КМҚК директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;

6. **Сарапшы** – Умарова Шолпан Кабиденовна, Павлодар қ. «Машина құрылысы колледжі» КМҚК басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасары;

7. **Агенттік тарапынан бақылаушы** – Бекенова Динара Каирбековна, ТЖКБ білім беру ұйымдарын аккредиттеу бойынша АРТА жоба басшысы (Астана қ.);

8. **Жұмыс беруші** – Шакитаева Асель Ерсаиновна, отель-кафе «QONAQ директоры (Астана қ.);

9. **Студент** – Озатбек Бота, Астана қ. «Политехникалық колледжі» МКҚК 0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру» мамандығы бойынша 3 курс студенті.

III. Білім беру ұйымының жалпы көрінісі

Білім беру бағдарламаларының қысқаша тарихы.

Колледждің ресми атауы – Астана қаласы Білім басқармасының «Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжі» Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Астана қаласы Білім басқармасының «Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжі»- жартығасырлық тарихын 1968 жылы ашылған Целиноград ұн тарту-элеваторлық техникумынан бастаған техникалық және кәсіптік білім беру мекемесі. Атаулары өзгертіліп отырған:

- 1969 жылы –механикалық-технологиялық техникум;
- 1996 году - ет технологиясы, сүт технологиясы, қоғамдық тамақтандыру технологиясы - жаңа мамандықтары ашылған тағам өндірісі колледжі.

1997 жылғы 3 маусымда жоғары және орта арнайы білім беру жүйесін одан әрі дамыту және реформалар жүргізу, жоғары білікті мамандар дайындау мақсатында колледж Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің 1997 жылғы 3 маусымдағы № 200 бұйрығына сәйкес 4 колледжді: Ақмола ауыл шаруашылық, Новошимка зооветеринарлық, Атбасар ауыл шаруашылық, Тағам өндірісін стандарттау колледжін біріктіру жолымен аграрлық-техникалық колледж болып өзгертілді (1 қосымша).

Осыдан кейін Астана қаласы Білім Департаментінің 2001 жылғы 24 тамыздағы № 195 бұйрығы негізінде Аграрлық – техникалық колледж Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжі (бұдан әрі –Колледж) болып – өзгертілді. Колледж Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын ретінде тіркелді.

Колледж оқытудың жаңа технологияларын енгізе отырып, білімдік қызмет көрсету бойынша жоғары сапаны қамтамасыз етеді.

2013жылдан бастап колледжді Ахметов Қайырғали Әкімбекұлы басқарады. Оның бастамасымен колледжде еңбек нарқында талап етілген жаңа мамандықтар ашылды.

Колледж мемлекеттік аттестаттауды 2013 жылы (Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 22 сәуірдегі № 90 «Мемлекеттік аттестаттау қорытындылары туралы» бұйрығына сәйкес білім саласындағы бақылау Департаментінің бұйрығы)

Колледж ТЖКБ саласындағы өзінің білім беру қызметі құқығын Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес білім берудің ұлттық жүйесі аясында 2016 жылғы 30 наурыздағы серия АА00006735 № KZ 251 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады (алғашқы берілген мерзімі -2009 жыл 15 сәуір, серия АБ №0129813).

Колледж келесі ТЖКБ мамандықтары бойынша кадрлар даярлауды жүргізеді (1 кесте).

1 кесте

№ р/с	Шифр және мамандық атауы	Оқыту нысаны
1	0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру» 0507063 « Қызмет көрсетуші менеджер»	күндізгі

2	0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» 0508063 « Қызмет көрсетуші менеджер»	күндізгі
3	1218000 « Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтары» 1218033 -Жабдықтарды пайдалану және жөндеу жөніндегі техник»	күндізгі
4	1226000 « Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру» 1226033 –Технолог	Күндізгі сырттай оқыту
5	1508000 « Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» 1508063 -Техник-технолог	күндізгі сырттай оқыту

2017-2018 оқу жылында күндізгі оқыту нысанында жалпы контингент -553, оның ішінде жергілікті бюджет есебінен -547, келісім шарт негізінде 6 студент. Мамандар даярлау мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

2017-2018 оқу жылында сырттай оқыту нысанында жалпы контингент -155. Сырттай оқыту нысанына тек келісім шарт негізінде алынады. Оқыту тілі –орыс тілі.

Мемлекеттік тілде 375 студент, барлық студенттердің 53%. Колледжде аккредиттелетін мамандықтар бойынша 27 оқу тобы бар, әр топ бойынша орташа саны -25.

Қазіргі уақытта білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар контингенті :

- 1226000 « Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру» мамандығы бойынша мемлекеттік тілде -96, орыс тілінде -73;

- 0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру» мамандығы бойынша мемлекеттік тілде - 42, орыс тілінде -19;

- 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша мемлекеттік тілде -73, орыс тілінде – жоқ.

2018-2018 оқу жылында штаттық кестеге сәйкес оқытушылар құрамы 62 оқытушыны құрайды, оның ішінде штаттық қызметкерлер саны – 60(97%), сонымен қатар жоғары білімді- қызметкерлер -62(100%), олардан педагогикалық қызметкерлер – 36(58%), технологиялық қызметкерлер –26(42%), олардың ішінде жоғары санатты – 20 оқытушы (32,5%), бірінші санатты – 14 оқытушы(22,5%), екінші санатты – 14 оқытушы(22,5%), санаты жоқ – 14 оқытушы(22,5%)

Жоғары және бірінші санатты оқытушылардың сапалық пайыздық көрсеткіші жалпылай 34 оқытушы (55%)-ды құрайды .

Оқу сабақтары бекітілген сабақ және сабақтан тыс қызметті тиімді біріктіретін оқу, технологиялық және өндірістік (дипломалды) тәжірибелерді өткізуге мүмкіндік беретін кесте бойынша өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру қызметінің үлгілік ережелеріне сәйкес колледжде 5 бөлім, оның ішінде 1 –сырттай оқыту бөлімі, жұмыс жасайды.

Қазіргі күні колледждің материалдық-техникалық базасы бар және заманауи талаптарға сәйкес оқу сабақтарын жүргізуге мүмкіндік бере алатындай жабдықталған.

Ағымдық, аралық және қорытынды аттестаттауды және күнделікті сабақтарды,

ғылыми –зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған компьютерлік сыныптар бар.

Колледжде ақпараттық-коммуникативтік, интерактивтік және инновациялық технологиялар белсенді түрде енгізіліп отырады. Колледж сайты жұмыс жасайды. Білім алушылар бойынша жалпы деректер базасы құрылған. Колледждің барлық құжаттамалары басқару құрамының жұмысы үшін қолжетімді. Дербес компьютерлер мен компьютерлік сыныптар Интернетке қосылған. Жергілікті желі жұмыс істейді.

ССК жұмысы үшін барлық жағдай жасалды, қажетті ақпараттық ресурстарға қолжетімділік ұйымдастырылды.

Жоспарланған бағдарлама аясында сараптау қорытындылары бойынша колледж қызметін жақсартуға арналған ССК әзірлеген бастапқы негізгі ұсынымдар колледж басшылығымен кездесу кезінде берілді. Колледж басшылығымен соңғы кездесуде кейінгі рәсімдеулер туралы түсіндірілді.

Бару аясында жоспарланған іс-шаралар АРТА ССК мүшелеріне колледждің өзін-өзі бағалауы бойынша берілген есебінде келтірілген деректердің мамандандырылған аккредиттеу стандарттары өлшемдеріне сәйкестіктің тәуелсіз бағасын жүргізуге мүмкіндік берді.

Кластердің білім беру бағдарламалары лицензиялық және біліктілік талаптарына сай. Заңнамамен қарастырылған және колледждің өзін-өзі бағалау есебінде сипатталған нормалар ССК барысында расталды.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны және білімдік технологиялар нормативке сәйкес, бұқараның және жұмыс берушілердің сұраныстарына бейімделген және өзгермелі жағдайларға сәйкес уақтылы жаңартылып отырады.

IV. ССК САПАРЫН СИПАТТАУ

ССК жұмысы Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз Агенттігінің 2018 жылдың 21-23 мамыр аралығында Астана қаласының «Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжі» МКҚК-ға білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясының (ССК) бару бағдарламасы негізінде жүргізілді.

Білім беру бағдарламаларының және колледждің барлық инфрақұрылымының сапасы туралы объективті ақпарат алу, өзін-өзі бағалау есебінің мазмұнының нақтылау үшін кездесу-сұқбаттасулар өткізілді: директормен, директордың оқу ісі, оқу-өндірістік, оқу-тәрбие, ғылыми жұмыс, ақпараттық технологиялар, әкімшілік-шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасарларымен, кадр бөлімі меңгерушісімен, бөлімшелер меңгерушілерімен, бас бухгалтермен, оқытушыларкітапхана меңгерушісімен, медициналық қызметкермен, студенттермен, түлектермен, жұмыс берушілермен және білім алушылардың ата-аналарымен. Барлығы 218 адам қатысты. (2 кесте).

АРТА ССК –н кездесуге қатысқан қызметкерлер мен білім алушылар туралы деректер

2 кесте

Қатысушылар санаты	Саны
Директор	1
Директордың орынбасарлары	5
Бөлімше меңгерушілері	5
Циклдік әдістемелік комиссия төрайымдары	4
Бас бухгалтер	1
Директордың ӘШЖ бойынша орынбасары	1
Кадр бөлімі меңгерушісі	1
Оқытушылар	36
Қызметкерлер	4
Студенттер	55

Түлектер	40
Әлеуметтік әріптестер	19
Студенттер ата-аналары	46
Барлығы	218

ССК жұмысы барысында колледждің инфрақұрылымы визуалды түрде қаралды: жалпы білім беретін және арнайы кабинеттер, зертханалар, оқу-жаттығу кешені аймағы, жылыжай, компьютерлік сыныптар, кітапхана, оқырмандар залы, медициналық пункт, тамақтану пункті.

Сонымен қатар аккредиттелетін білім бағдарламаларды жүзеге асратын циклдік комиссия, бөлімдер құжаттары зерттелді. «Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжінің» аккредиттелетін бағдарламалардың келесі тәжірибелік базалары зерттелді: «Роял Comfort Hotel Astana» ЖШС, ОТЕЛЬ «The St. Regis Astana», «ЗЕЙД» мейрамхана кешені, «Карамель» дәмханасы, «Болоньез» мейрамханасы. ССК келесі оқытушылардың оқу сабақтарына қатысты (3 кесте)

ССК сарапшылары қатысқан сабақтар туралы ақпарат

3 кесте

Пән	Мамандық	Тақырыбы	Оқытушының аты-жөні	Топ, курс	Журнал бойынша саны	Қатысқаны
Тамақтандыру кәсіпорындағы маркетинг	1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»	Тауардың бастапқы санын анықтау	Усенбаева Аида Жанайдаровна	Т-12, 1 курс	27	23
Азық-түлік тауарларды тауартану	0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»	Азық-түлік концентраттарының сапа бағасы. Крахмал сапасының бағасы	Есенбекова Бахытгүл Советовна	ТҰ-21, 2 курс	26	25
Тағамдайындау технологиясы	1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»	Аз майдақуырылған көкіністердің жіберілуі мен дайындау технологиясы	Баймуқанова Лазат Каирбаевна	Т-21, 2 курс	25	22
Математика	0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»	Қызметтері	Таурбаев Жумаш	ТҰ-11, 1 курс	25	22

	ы ұйымдастыру»		Рымтаевич			
--	----------------	--	-----------	--	--	--

Оқытушылар теориялық дайындықтың жақсы деңгейін көрсетті, негізінен дәстүрлі сабақ әдістері қолданылады. Материал түсінікті түрде беріледі. Интерактивті тақта қолданылады (иллюстрациялар, видеороликтер), білім тәжірибелік тапсырмалармен бекітіледі. Жүргізілген диалог аудиторияның қызығушылығын танытты. Білім алушылар пән бойынша білімдерін, теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана білетінін көрсетті.

Арнайы пәндерден оқу сабақтарын ұйымдастыру қызметтік тәсілде құрылған, кәсіптік қызметке бағытталған.

Сабақтарға қатысуды талдау оқытушылар құрамының қанағаттанарлық деңгейде және теориялық, тәжірибелік оқытудың жеткілікті деңгейде екенін көрсетті. Сонымен бірге «Келушілерге қызмет көрсету» пәні бойынша сабақтардың колледжден тыс мейрамхана базасында өтетінін атап өтуге болады.

Білім алушылардың сабақтағы қызметін белсендіру және өз бетімен білім алу дағдыларын жетілдіру мақсатында заманауи оқыту технологияларын және интерактивті әдістемелерді, мысалы сыни ойлау, жобалық және проблемалық оқыту, оқу зерттеулері, коучинг, CLIL және т.б.

Интерактивті тақтаны тек проектор ғана емес сонымен бірге электронды оқыту құралдарын: электронды флипчарттарды, тренажерларды, оқулықтарды жсау.

V. Мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестік

5.1. Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»

Дәлелдемелер бөлімі

Аккредиттелетін білім беру бағдарламалары ҚР МЖМБС талаптарына, типтік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына, пәндер бойынша типтік оқу бағдарламаларына сәйкес орындалған.

ББ басқару жүйесінің басты міндеттеріне оқу үдерісінің тиімді ұйымдастырылуы, ресурстардың (кадрлық, материалдық-техникалық, қаржылық) құрылуы және бөлінуі, ақпараттық кеңістікті құру, нәтижелі кері байланысты қамтамасыз ету, персоналды оқыту жатады. ББ басқарудың негізгі қағидаты- студенттер мен оқытушылық құрамды кәсіптік және шығармашылық тұрғыдан дамуы үшін білім беру қызметіне сапалы түрде әсер ететін ресурстармен қамтамасыз ету.

Колледж ұжымының бар қызметі нарықтық экономика жағдайларына талап етілген мамандар дайындау сапасын ұдайы арттырып отыруға және оларды әлемдік стандарттарға, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени саласы мен өнеркәсібі қажеттіліктері мен даму перспективаларына сәйкестендіруге бағытталған.

2017 жылы «Холдинг»Кәсіпқор» КЕАҚ ТЖББ ұйымдарының ең үздік тәжірибесін және проблемалық секторын анықтау үшін Қазақстан Республикасы колледждерінің ранжированиесін жүргізді. Рейтингке ҚР 283 колледжі қатысты. Көпбейінді бағыттағы 84 колледж арасында колледж 26 орынды (33,35 балл) иеленді. Астана қаласы колледждерінің ішінде 4 орынға шықты.

Талдау нәтижелері бойынша және қабылданған Колледж миссиясының негізінде Колледждің негізгі даму бағыттары анықталған. Білім беру қызметі кәсіптік даярлық есебінен маман дайындаудың жоғары деңгейіне кепілдік береді.

Келесі мамандықтар бойынша 5 жылға арналған ББ даму жоспарлары әзірленген:

0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру», 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру», 1226000 « Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»

ББ даму жоспарларының әзірленуі және жүзеге асырылуы ТЖКБ ұйымдарының МЖМБС-на сәйкес келесі кезеңдерден тұрды.

ББ даму жоспарларының жүзеге асырылуы үшін бөлімдер мен ЦӘК-тер құрылған. Аккредиттелетін бөлімдер әзірленген және құжатталған рәсімдеулер негізінде білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша өз қызмет сапасын жетілдіру мақсатында жоспарлауды, жүзеге асыруды, бақылауды және қызметті талдауды жүргізеді. Арнайы пәндер бойынша ЦӘК мәжілістеріне әр жыл бойынша ББ қарастыру үшін жұмыс берушілер шақырылады, ББ бойынша өз ұсыныстарын айтады, түзетулер енгізеді.

Жоспарды жүзеге асыру бойынша семестр қорытындылары бойынша құрастырылады, ЦӘК мәжілістерінде қарастырылады, одан кейін жоспардың орындалуы талданады, мониторинг жүргізіледі.

ББ даму жоспарларының жүзеге асырылуы бойынша жұмыс нәтижелері семестр қорытындылары бойынша педагогикалық кеңесте талқыланады (2018 жылдың 23 ақпанындағы № 4 педагогикалық кеңес хаттамасы).

Оқу жылы басында сыртқы және ішкі реттеуші құжаттардың өзектендіруі жүргізіледі, өзектілігі жоғалған құжаттар алынады. Колледж қызметкерлері өз қызметтерінде тек есепке алынған және өзектендірілген құжаттарды ғана басшылыққа алады. Ішкі құжаттармен қатар колледжге тіркелуге және басқаруға жататын әр түрлі сыртқы құжаттар да келіп түседі.

Колледжде топ жетекшілері кеңесі жұмыс жасайды. Топ жетекшілері кеңесін директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары басқарады. Жұмыс жоспарына сәйкес кеңесте ББ жүзеге асыру қорытындылары тыңдалады, әр бөлім ББ жоспарын жүзеге асыруға байланысты өз бағыттары бойынша есеп береді.

Аналитикалық бөлім.

ССК жұмысы барысында білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларының кәсіптік талаптарға сәйкестігі анықталды. Оқу жұмыс бағдарламаларында білім алушылардың біртұтас оқу-білімдік үдерісі барысында қалыптасатын базалық, кәсіптік және арнайы құзіреттіліктерді меңгеруі тиіс екені белгіленген.

Білім беру бағдарламаларын құрудың басты қағидаты болып жұмыс берушілер мен уақыт талаптарының ескерілуі саналады, өйткені кәсіптік құзіреттіліктерді қалыптастыру кезінде қойылған мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді. Сол себептен ББ кәсіптік мазмұны жағын жұмыс берушілермен бірлесіп әзірлеу және олардың ұсыныстарын құжаттандыру маңызды.

Ішкі бақылау жүйесі пәндерді оқыту жағдайын бақылауды, білім алушылардың кәсіптік тәжірибеден өтуін, олардың білім сапасын арттыруды, колледждің санитарлық-гигиеналық жағдайын, үйірмелер, факультативтер, спорттық секциялар жұмысын, ҚТ ережелерін сақтауды және еңбек қорғауды ұйымдастыруға бағытталған. Колледжішілік бақылау колледж құжаттарын сапалы жүргізуге, қателерді анықтауға, қорытындылай келгенде ИПК өсуіне және ББ жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Колледж білім алушылары оқу-тәрбие үдерісі кестесінің қол жетімділігімен, білімді бақылау жүйесімен және үйірмелер жұмысының жоспарымен, курстық, дипломдық жұмыстардың орындалуының әдістемелік нұсқауларымен, оқу және өндірістік тәжірибеден өту ережелерімен, білім алушылардың кұқықтары мен міндеттерімен, сынақтар мен емтихандарды тапсыру кестелерімен және талаптарымен, академиялық күнтізбелікпен қамтамасыз етілген. Аталғанның бәрі әдістемелік кабинет, хабарлама тақтасы арқылы жүргізіледі. Құрал-жабдықтардың заманауи

талаптарына сәйкес білім алушылардың кез келген ақпаратты колледж сайты арқылы алуын міндетті түрде қамтамасыз ету керек.

Колледжде арнайы www.collegeetspp.kz, Web-сайты бар, онда миссия, стратегиялық мақсаттар, талапкерлерді қабылдау талаптары, әкімшілік пен колледж бөлімшелерінің жұмысы туралы ақпараттар көрсетіліп отырады. Сайтта өткізілген іс-шаралар, сонымен қатар 0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру», 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру», 1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру» мамандықтары бойынша білім алушылардың жалпы және жеке жетістіктері туралы ақпараттар беріледі. Білім алушылар мен ата-аналардың оөу үдерісі туралы жеткілікті ақпарат алып отыруы үшін сайт жұмысын толықтыру қажеттілігі бар.

ББ дамыту жоспарын жүзеге асыру мониторингі келесі мерзімділікпен жүргізіліп отырады: ОТЖ қорытындылары, МТБ дамыту бойынша жұмыстар, кадрлық қамтамасыз ету, ББ дамыту жоспарының құрамды бөлігі саналатын оқу жылына арналған жоспарды орындау есеп т.рінде жылына 1 рет ББ 2 НК, ҰБДБ, статистикалық есептер арқылы беріліп отырады.

Ақпаратты жинақтау бөлімдік құрылымдар басшыларымен жүргізіледі.

Колледжде бағалау мен білім сапасы мониторингісі, құрылымдық бөлімшелер қызметінің ішкі аудиті, жаңа оқу жылына аудиториялар мен ғимараттардың дайындығы, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүргізу және ұйымдастыру, түлектерді жұмысқа орналастыру, оқу-тәрбие үдерістерінің сапасын бағалау, білім алушылармен, оқытушылар құрамымен, жұмыс берушілермен, оқытушылар қызметінің рейтингілі бағалануы, оқытушылардың аттестатталуы ұдайы жүргізіледі.

Талдауды сапалы жүргізу мақсатында барлық құрылымдық бөлімшелердің мерзімдік аудитын болжайтын Сапа менеджменті жүйесін енгізу арқылы ғана мүмкін болатын ББ жүзеге асыру мониторингісінің жүйелік механизмдерін енгізу қажет.

Оқыту әдістері мен сапасына қанағаттандырылу колледжде білім алушылардың сауалнамалары нәтижелерімен анықталады.

Сауалнама үдерісінде жинақталған деректер студенттердің көпшілігінің (95,8%), ББ стратегиялары мен ережелерінің орындалу деңгейімен қанағаттанатынын көрсетті. Оған қоса оқытушылардың көпшілігі оқу бағдарламалары мен бағалау рәсімдерінде (орташа жиынтығы - 100%) сонымен қатар оқытушылардың 46,2% оқыту үдерісінде толығымен жеке стратегияларын қолдана алатынын айтты. АРТА ССК келуі барысында жүргізілген оқытушылар сауалнамасы басқару және стратегиялық шешімдердәі қабылдануына тартылуы өте жақсы және жақсы деңгейде (жиынтығы- 98,1%) екенін көрсетті.

ССК директормен, оның орынбасарларымен, бөлімше меңгерушілерімен, ЦӘК төрайымдарымен, құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерімен, педагогикалық ұжыммен, студенттермен, түлектермен, әлеуметтік әріптестермен кездесулер, әңгімелесу және сұхбаттасу барысында Білім беру бағдарламаларының АРТА Стандарттары критерийлеріне сәйкес екені туралы қорытынды жасады. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша жұмысты талдай келе білім беру бағдарламасының жүзеге асырылу табыстылығы бірінші кезекте жоспарланған, бір мақсатқа негізделін тиімді даму жоспарына арқылы жүзеге асырылады. Олар барлық мүдделі тұлғаларға қол жетімді және анық болуы керек екені белгіленді.

Қорытындылай келе, аталған міндетті колледж сайтын белсендіру арқылы орындауға болатынын атап өту керек.

ССК келесі тұжырымдарды жақсартуға болатынын атап өтті:

- мүдделі тараптар арасынан топ өкілдерін, сонымен бірге материалдық-техникалық базаны жақсарту үшін ата-аналар мен жұмыс берушілер арасынан (меценаттар) тарту;

- мүдделі тараптардың ББ даму жоспары мазмұнына және оны қалыптастыру үдерісіне қол жетімділігін қамтамасыз ету;

- барлық мүдделі тараптар өкілдерімен ББ даму жоспарын бұқаралық талқылаудың дәлелденуін жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету.

ССК ұсынымдары:

Сайтта ББ даму Жоспары мен оны жүзеге асыру дәлелдемелері орналастыру;

- Білім беру бағдарламаларының даму Жоспары колледждің стратегиялық даму Жоспарымен сәйкестікке келтіру;;

- Жаңарту және қайтадан қарастыру мақсатында ББ даму Жоспарын жүзеге асыру мониторингісінің жүйелік механизмдерін анықтау;

- Сертификаттау орталықтарын тарту арқылы мамандықтар бойынша жұмысшы біліктіліктерін тағайындау рәсімдерін әзірлеу және енгізу.

ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған бейінінің күшті жақтары-1, қанағаттанарлық -18, жақсартуға ұсынылғаны -3 екенін атап көрсетеді.

5.2. Стандарт «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі»

Дәлелдемелер

ССК сарапшылары тобымен оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларының талдауы жүргізілді. Оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларының ҚР БҒМ-ның 2014 жылдың 29 шілдесіндегі № 312, 2015 жылдың 15 маусымындағы №384, 2016 жылдың 22 қаңтарындағы №72 бұйрықтарымен бекітілген үлгілік оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкестігі анықталды. «Кәсіпқор» холдингі әзірлеген модульдық-күзиреттілік тәсіл негізіндегі бағдарламаларды енгізу бойынша жұмыстар жоспарланған, бірақ дайын бағдарламалар ұсынылмаған. Аталған жұмыс бойынша жұмыстар жүргізілуде, атап айтқанда бірнеше арнайы пәндер оқытушылары біліктілік арттыру курстарынан өтіп, жұмысшы топ құрылған.

Аккредиттелетін ББ мемлекеттік және колледжішілік оқу-әдістемелік құжаттар кіретін оқу-әдістемелік кешенге біріккен және пән бойынша оқу үдерісін жоспарлауды, ұйымдастыруды және жүргізуді анықтайтын құжаттар қатарынан тұрады.

ББ әзірлеу ОЖБ әзірлеуші жұмысшы топпен жүзеге асырылады. Жұмысшы топ қатарына арнайы пәндердің жетекші оқытушылары, әлеуметтік әріптестер өкілдері кіреді. ББ талдау әдістемелік кеңес мәжілістерінде жұмыс берушілердің шақырылуымен семестр қорытындылары бойынша есептер негізінде, жоспардың қайта қарастырылуымен, түзетулер енгізу нәтижесінде жүргізіледі (№6 , 17.01. 2018ж.). ББ талдау кезінде арнайы пәндер оқытушыларының пікірі, білім алушылардың пікірі есепке алынады. Солай бола тұра ББ жүзеге асыру кезінде колледж колледж келесі тәуекелдерге барады:

- Жалпы білім беретін пәндер бойынша білім сапасының төмен деңгейі;
- Колледждің қала мектептері түлектеріне тәуелді болуы;
- Колледждің басқару үдерісіне қиындық тудыратын заңнамалық және нормативтік ережелердің тез өзгерістерге ұшырап отыруы.

ССК мүшелерімен ЦӘК жұмысын талдау кезінде арнайы пәндер бойынша жұмыс бағдарламаларының және кәсіптік тәжірибе мазмұнының Үлгілік жоспарларға қатаң түрде сәйкестігі, атап айтқанда жиі жаңартылмайтыны анықталды. Еңбек нарқында талап етілген мамандарды даярлау кезінде бағдарламалар мазмұнының жүйелі түрде жаңартылып отыру қажеттілігі бар. Жұмыс берушілердің, ата-аналардың және білім алушылардың талаптары бойынша жеке және жаңа курстар әзірлеуге болады.

Колледждің жұмысшы тобымен түлектердің қызметі талданған және мамандыққа байланысты түлектерге қойылатын негізгі талаптар анықталған. Педагогикалық және әдістемелік кеңестерде күзиреттілік бойынша барлық ұсыныстар қарастырылған және ескерілген.

Маман моделін әзірлеу кезінде қажетті жеке, кәсіптік, әлеуметтік қасиеттер ескерілген. Бұдан басқа әзірлемеді шығарылатын түлектің зияткерлік және салауатты өмір салтын ұстануы ескерілген.

Заманауи кәсіптік білім алуудағы құзіреттілік тәсілдің бірінші бағыты ретінде базалық және кәсіптік құзіреттіліктерді қалыптастыру саналады. Құзіреттіліктер ҮОЖ жүзеге асыру арқылы маман дайындауды көздейді.

Екінші бағыт- тәжірибелік дағдылар мен икемділіктерді қалыптастыру. Дағдылар мен икемділіктер нақты жағдайларда міндеттерді шешу кезінде теориялық білімдерді пайдалану дағдысына жауап береді. Мұндай жағдай білім алушының ой-өрісі кеңейіп, кәсіптік қызметте және күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешудің стандартты емес шешімдерін іздеу және табу дағдысы қалыптасады.

Үшінші бағыт-өмірлік дағдыларды меңгеру. Аталған бағытты дамыту кәсіптік даярлықтан маңызы кем емес әлеуметтік бейімделуге дайын болуды көздейді. Өмірлік дағдылар кәсіпкерге қоғамда табысты әлеуметтену үшін маңызды.

ССК сарапшылары тобымен түлек моделінде кәсіптік стандарттар, заманауи еңбек (ағылшын тілін және сала ерекшеліктерін білу) талаптары ескерілуі қажет және түлектердің модель әзірлеуге тартылуы қажет екені айтылды.

Аналитикалық бөлім

Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру болашақ мамандардың тиісті біліктілік шеңберіне сәйкес кәсіптік құзіреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

Сарапшылар тобымен оққ жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын мазмұнын жетілдіру бойынша талдау жүргізілген. Колледжде оқу жұмысы ҚР БҒМ ТЖКБ мекемелері қызметін ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі.

Әр мамандық бойынша ББ ерекшеліктері сала бойынша әр түрлі кәсіпорындарда жұмыс жасау кезінде қойылған мақсаттарды орындауға қабілетті мамандар даярлау міндеттерін анықтайды. ББ базалық және кәсіптік құзіреттіліктерге ие түлек моделін көрсетеді, бірақ оқу құжаттамасы колледж миссиясына сәйкестікке келтіру қажеттілігі бар.

ТЖКБ МЖМБС сәйкес бақылаудың міндетті формаларының бірі –курстық жоба. Оны орындау барысында кешенді міндеттерді орындау кезінде болашақ түлектің кәсіби қызметіне байланысты алынған білімдер мен дағдыларды, құзіреттіліктерді қолдануға оқыту жүзеге асырылады.

Қарастырылған ББ түлектері тәжірибелік тұрғыда тез бейімделеді және өндірістік тапсырмаларды орындауға белсене қатысады, оның ішінде оң нәтижелермен аттестаттаудан өтеді және кәсіптік тұрғыдан өсуге қабілетті.

Жыл сайын қорытынды аттестаттау комиссиясы мүшелері колледж түлектері туралы оң пікірлер қалдырады. Әлеуметтік әріптестердің мамандар дайындау сапасы туралы пікірлерін және білім алушыларға берген мінездемелерін талдай отырып, білім алушылардың бойында еңбек үдерісіне саналы қарым-қатынас қалыптасқанын, белсенді өмірлік ұстанымдары, жақсы кәсіптік білімдері бар екенін және бәсекелесуге қабілетті, өз өзіметін жүзеге асыру мүмкіндігі, сонымен қатар еңбек нарқында талап етілген қажеттіліктерге ие екеніні айтып өтуге болады.

Келесі кәсіпорындарды атап айтуға болады: ОЮЛ Астана бас аспаздары ассоциациясы, «РоялComfort HotelAstana» ЖШС, «Спутник-Сервис-2007», «Coffee Boom» дәмханасы, «Трапеза-Казахстан» ЖШС, «TurionInvestmentGroup» (ТурионИнвестментГруп) ЖШС, отель «TravelInn» ЖШС., «Каравелла Тур» ЖШС, ЖК Цой Н.Э. «HappyDaycatering» , «Жеті қазына» ЖШС, Отель «TheSt.RegisAstana», «ЗЕЙД» мейрамхана кешені, «ASSortiAstana» ЖШС, «Инсар Астана» ЖШС, «PrivateBeweerling», «Қадам НС» ЖШС, «Алтын Ғасыр -2002» ЖШС, ЖК «Бектасов А.К.», «Мағас-А» ЖШС, «OctoberFest» ЖШС, «Green» ЖШС, ЖК «Бастау»,

ЖК «Арна», «ARKA ST» ЖШС, АҚ «МАЗ», «Мастер СС» ЖШС, «RED VILLAGE» ЖШС, «Воложанин» ЖШС.

Шығарылымды жүзеге асыратын аккредиттелетін мамандықтар жоспарлауды, бақылау және бағалауды жүргізеді, әзірленген және құжаттандырылған рәсімдеулер негізінде білімдік қызметті жүзеге асыру бойынша өз қызметі сапасын жетілдіру мақсатында талдау жүргізеді.

Арнайы пәндерді оқыту, курстық жобаларды қорғау, оқу, өндірістік және дипломалды тәжірибелерден өту барысында білім алушылар кәсіптік дағдылар мен икемділіктерді игереді.

Оқу жұмыс бағдарламаларын зерттеу барысында білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру кезінде жұмыс берушілердің әлеуеті пайдаланылмайтыны анықталды.

АРТА ССК баруы барысында студенттермен жүргізілген сауалнама:

- білім алушылардың 85,4 % оқу үдерісінде қолдаумен, оқу материалдарымен толығымен қанағаттанатынын;
- білім алушылардың 97,9 % колледждің қолданыстағы оқу ресурстарымен қанағаттанатынын;
- білім алушылардың 89,6 % оқу бағдарламаларының жалпы сапасымен толығымен қанағаттанатынын;
- білім алушылардың 95,8 % оқыту әдістерімен толығымен қанағаттанатынын көрсетті.

Күшті жақтары:

- тәжірибелік өндірістік базаларды таңдауда колледж түлектеріне қазіргі заманғы жағдайында еңбек нарығының қажеттіліктеріне тез бейімделуге мүмкіндік беретін елеулі кәсіби контекст бар.

ССК ұсынымдары:

- Кәсіптік тәжірибе және арнайы пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламалары әлеуметтік әріптестермен келісе отырып, бекіту;
 - Оқу жұмыс бағдарламасына жұмыс берушілердің құжаттық ресімделген талаптарын ескере отырып, саланың қазіргі заманғы даму деңгейін көрсететін түзетулер енгізу;
 - Кәсіптік стандарттар, қазіргі заманғы нарық талаптарын (ағылшын тілін және саланың ерекшелігін білу ескерілсін)
- ескере отырып, әрбір мамандық бойынша түлек моделін қайтадан қарастыру және түлектерді әзірлеуге тарту.

Аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған бейінінің күшті жақтары-1, қанағаттанарлық -21, жақсартуға ұсынылғаны -1.

5.3. Стандарт «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі»

Дәлелдемелер

Кадрларды қалыптастыру аясындағы колледж қызметі білім беру үдерісін жоғары сапамен қамтамасыз ету мақсатында тәжірибеде қолданылатын мақсатқа жету жолдарымен тәсілдерін жетілдіруге бағытталған. Оқытушылармен және қызметкерлермен жұмыс кезіндегі басты мақсат- олардың кәсіби тұрғыдан өсуі үшін жағдай жасау. Сол себептен колледжде оқытушылардың біліктілігін арттыру жүйесін қалыптастыруға, қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге және позитивті әлеуметтік органы дамытуға, оқытушылар мен қызметкерлерді материалдық тұрғыдан ынталандыру жүйесін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар кешенін дамыту бойынша жұмыстар атқарылады.

Кадрлық әлеует білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға арналған біліктілік талаптарына сәйкес.

2017-2018 оқу жылы 0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру», 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру», 1226000 « Тамақтандыру

кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру» мамандықтары бойынша оқу үдерісі барлығы штаттық болып саналатын, оқытылатын пән бейініне сәйкес базалық жоғары білімдері бар 41 оқытушымен, немесе 100% оның ішінде педагогикалық – 29 адам, 71%, технологиялық – 12 адам немесе 29%. жүргізіледі.

Жоғары және бірінші санаты бар штаттық оқытушылар саны 25/61% (жоғары 15/36,5%, бірінші 10/24,4%), академиялық магистр дәрежесі бар 4 оқытушы, екінші жоғары білімі бар -1 оқытушы.

Мемлекеттік тілде сабақ жүргізетін оқытушылар саны -10 адам.

2017-2018 оқу жылында колледждің педагогикалық құрамы – 41 адам, оның ішінде штаттық - 41 (100%).

2016-2017 оқу жылында колледждің педагогикалық құрамы – 43 адам, оның ішінде штаттық – 43 (100%).

2015-2016 оқу жылында колледждің педагогикалық құрамы – 38 адам, оның ішінде штаттық –38. (100%).

Педагогикалық құрамның орташа жасы -40 жас.

Педагогикалық құрамның базалық білімі колледж мамандықтары бойынша оқытылатын пәндерге сәйкес.

Колледж басшылығының педагогикалық құрамды қалыптастыру бойынша институционалды саясаты білім беру бағдарламаларын қолдайды және жұмысқа қабылдау кезінде негіз болып саналады. Педагогикалық құрам білім беру бағдарламасын тиімді жүзеге асыру қажеттілігінен қалыптасады, сонымен қатар оқу жүктемесінің жалпы көлемі ескеріледі.

Жұмысқа қабылдау және міндеттерді бөлу техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары өызметкерлерінің лауазымдық біліктілік сипаттамаларына сәйкес жүзеге асырылады.. Колледждің кадрлық саясаты кәсіптік тәжірибесі мол персоналдың саны мен сапалы құрамы арасындағы үйлесімдікті сақтауға және құрамды ұдайы жаңартып отыруға бағытталған.

ББ бойынша педагогикалық ұжымның кәсіптік-біліктілік деңгейіне деген қажеттілік білім алушыларды даярлау және лицензиялық талаптар бағытымен анықталады.

Аккредиттелетін ББ жүзеге асыру үшін бейіні сәйкес кәсіби білімі бар және біліктілік деңгейі аккредиттелетін ББ ерекшеліктеріне сәйкес тұлғалар тартылады.Барлық оқытушылардың базалық білімдері оқытылатын пәндерге сәйкес. Оқытушыларды жұмысқа қабылдау және іріктеу конкурс негізінде базалық білімдеріне және жұмыс тәжірибесіне сәйкес жүргізіледі.

Тұтас алғанда, ББ оқытудың барлық кезеңінде білікті оқытушылар құрамымен (штаттық кестеге сәйкес) жасақталғанын атап айтуға болады.

Колледжде біліктілік арттырудың, оқытушылар құрамын кәсіптік және тұлғалық дамыту жүйесі құрылған. Оң тәжірибе ретінде ОҚ біліктілігін арттыру формаларының (БА курстары, іс-тәжірибелер, жақын және алыс шет елдерге іс-сапарлар) кеңейтілгенін айтуға болады.

Оқытушылар мен қызметкерлердің кәсіби және жеке тұлғалық дамуын ынталандыру механизміне оқытушылық құрамға әр семестр қорытындыларын шығару кезінде қосымша қаржылық қолдау алуға мүмкіндік беретін рейтингтік жүйе жатады.

АРТА ССК баруы кезінде оқытушылар мен қызметкерлермен жүргізілген сауалнама :

- колледждің оқу үдерісінде педагогикалық ұжымды инновациялар қолданумен қамтамасыз ету мүмкіндігі «өте жақсы»–55,8% және «жақсы»- 44,2%;

- Білім беру бағдарламаларының мазмұны оқытушыларды қанағаттандыруы «өте жақсы» -51,9 % және «жақсы» – 48,1 %;

- оқытушылардың басшылықпен кері байланыс жасау деңгейі «өте жақсы » - 53,8 % және «жақсы» - 44,2 %;

- қызметкерлердің 0 % оқыту мен зерттеу жұмысын бңрге атқаруды қиын санайды.

Аналитикалық бөлім

«Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі» стандартын талдай отырып, педагогикалық шеберліктің ұдайы біліктілік арттыру кезінде анықталатынын айтуға болады. Интерактивті тақталарға (әр түрлі деңгейдегі флипчарттар, тренажерлар, тестілік тапсырмалар) арналған электронды ОӘК құру мақсатында АТ құзіреттілікті арттыру бойынша жұмысты белсендіру қажеттілігіне көңіл аудару қажет.

Кадрлық әлеует лицензиялық және біліктілік талаптарына сәйкес және пайымдауды, миссияны және колледждің стратегиялық дамуын, мамандарды сапалы дайындауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру», 1226000 « Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру» мамандықтары бойынша оқытушылардың жоғары деңгейдегі құзіреттілігін және біліктілігін айтып өтуге болады.

Өндірісте жүргізілетін іс-тәжірибелер ең тиімді жұмыс, өйткені оқытушылар заманауи трендтер мен талаптарға сай өздерінің кәсіптік дағдыларын жетілдіреді.

Арнайы пәндер оқытушыларының әлеуметтік әріптестер базасында іс-тәжірибеден өткені туралы сертификаттан басқа дәлелдемелер жоқ.

Колледждің кадрлық құрамының жалпы жағдайын зерттей келе, колледж педагогикалық ұжымының жеткілікті педагогикалық тәжірибесі және МЖМБС сәйкес мамандар дайындауды табысты жүзеге асыруға мүмкіндігі бар жоғары білікті оқытушылар мен қызметкерлерден тұратыны туралы қорытынды жасауға болады.

ССК оқу мекемесінде аталған стандарт бойынша келесі ұстанымдарға көңіл бөлінетінін атап көрсетеді:

- Аккредиттелетін ББ ерекшеліктеріне педагогикалық ұжымның біліктілігін сәйкестендіруге;

-Жас оқытушыларды бейімдеуге және қолдауға;

-Қоғам өміріне педагогикалық ұжымның белсенді қатысуына.

Сонымен қатар ССК оқу мекемесінде оқытушылардың тиімді жұмыс жасауы үшін:

- Арнайы пәндер оқытушыларының әлеуметтік әріптестер базасында іс-тәжірибеден өтуін құжаттандыруды;

- Жеке электронды ОӘК құру мақсатында АТ оқыту құралдарын қолдануға.

құзіреттілікті арттыру бойынша жұмысты белсендіру қажеттілігіне көңіл аудару қажет.

ССК ұсынымдары:

- Тиісті салаларда жұмыс тәжірибесі бар мамандарды тартуға және олардың оқытылатын арнайы пәндер бойынша үлесін анықтауға;

- Ай сайын 1-2 рет жеке жоспары әзірленген шеберлік үлгісі сағаттары мен тренингтер өткізу арқылы жас педагог Мектебінің жұмысын жандандыру;

- Жұмыс орындарында ИПҚ арналған курстар ұйымдастыру арқылы ағылшын тілін үйрету бойынша жұмысты жандандыру.

Критерийлер бойынша ССК қорытындылары:

Аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған бейінінің күшті жақтары-4, қанағаттанарлық -5, жақсартуға ұсынылғаны -2.

5.4. Стандарт «Білім алушылар»

Дәлелдемелер

Білім алушылар контингенті оқу мекемесінің мамандықтары және бейіні, жұмыс берушілердің талабы, жұмысқа орналасу көрсеткіштері бойынша талапкерлерді іріктеу қағидаты негізінде қалыптасады.

Студенттерді ББ бойынша колледжге қабылдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы №130 қаулысымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қабылдау» ережесіне сәйкес жүзеге асырылады (өзгерістермен бірге).

Оқыту жағдайларына байланысты контингент мемлекеттік білімдік тапсырыс және келісім негізінде оқитындар болып бөлінеді

Колледж қабылданатын студенттер санын материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік мүмкіндіктерге сәйкес оқытудың барлық кезеңіне және даярлауға сәйкес анықтайды. Колледж белгілі мезгіл - мезгіл қабылданатын студенттер санын кадрлық ресурстардың жоспалануы мен дамуына жауапты мүдделі тараптармен кеңесі үдерісінде қайта қарастырады және балалар үйі мен аз қамтылған отбасы балаларын оқыту қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатын да жауапсыз қалдырмайды.

Колледж білім алушылары қатарына қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылдың 28 қаңтарындағы №93 бұйрығына сәйкес үлгілік келісім негізінде жүзеге асырылған.

Соңғы 3 жыл бойынша контингенттің мамандықтар бойынша бөлінуі

4 кесте

Оқу жылы / Мамандық	2015-2016 оқу жылы	2016-2017 оқу жылы	2017-2018 оқу жылы
0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру»	52	100	97
0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»	58	78	104
1226000 « Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»	177	183	200

Білім беру бағдарламаларының талаптары және оны жүзеге асыру ерекшеліктері туралы білім алушыларды ақпараттандыру қабылдау комиссиясының талапкерлерді кеңес беру барысында және оқу жылы бойы кәсіптік бағдарлау жұмысы аясында жүргізіледі. Іс-шаралар өткізу үшін колледж туралы жарнамалық материалдар, мамандықтар туралы таныстырылымдар (видеоролик), флаерлер) бар. Жыл сайын оқу жылы басында кәсіптік бағдарлау жұмыстарының жоспары жасалады. Осы жоспар негізінде қала мектептерінде және Ақмола облысы мектептерінде ата-аналармен, оқушылармен кездесулер өткізу үшін оқытушылар қатарынан топ құрылады. Дәстүрлі түрде Ашық есік Күні өткізіледі.

Колледжде білім алушылардың қабылдау үдерісі және кейінгі оқу үдерісі кезіндегі, атап айтқанда түсу емтихандары мен шығарылым кезіндегі білім сапасы , білімі

салыстырылып отырады, сонымен қатар көрсеткіштер динамикасын, оң қозғалысты анықтауға мүмкіндік беретін және таңдаған мамандыққа дайындық жағдайын көрсететін білім алушының әлеуметтік жағдайы, әр семестр қорытындысы бойынша үлгерім тізімдемесі ескеріледі.

Осыған байланысты оқу жылы бойы және бар оқыту мерзімі бойы білім алушылардың жетістігі нәтижелері туралы кері байланыс жүзеге асырылатын жағдай жасалады. ББ бойынша білім алушылар контингенті мемлекеттік және орын тілдерінде оқытылатын күндізгі оқыту нысаны және орыс тілінде оқытылатын сырттай оқыту нысаны бойынша топтар қалыптасады. Академиялық топтардың толықтырылуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 Қаулысымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Контингентті қалыптастыру туралы деректер колледж сайтында берілген. Колледжде білім алушылар базасы құрылған, онда ерекше назар аударуды және жеке тәсілді қажет ететін білім алушылар туралы деректер бөлек берілген. Деректер базасы оқу жылы басында жүйелі түрде жаңартылып және деректердің өзгеруіне байланысты түзетулер енгізіліп отырады. Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру кезінде аз қамтылған отбасынан шыққан, жетім балаларға және дарынды балаларға ерекше көңіл бөлінеді. Қабылдау кезінде жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар басымдыққа ие болады. Олар бір реттік тегін ыстық тамақпен, жол жүру билеттерімен және жылына 1 рет киіммен қамтамасыз етіледі.

Аккредиттелетін ББ бойынша студенттердің ғылыммен айналысуына да нақты көңіл бөлінеді: олимпиадалар, ғылыми конференциялар, колледжішілік және аймақаралық, өңірлік кәсіптік шеберлік конкурстары, Бірнеше жыл бойы колледж білім алушылары WorldSkills чемпионаттарында бірінші және жүлделі орындарды иеленіп келеді.

Колледж әкімшілігі және педагогикалық ұжым Жастар ісі Комитеті арқылы студенттердің қызметіне өолдау көрсетеді. Оқу-тәрбие үдерісінде айтарлықтай көмек көрсете алатын құрылым ретінде Студенттердің өзін –өзі басқару ұйымы колледжде қарастырылмаған. Колледжде әкімшілік пен педагогикалық ұжым жұмысына қанағаттану мониторингі механизмі бар.

Колледжде білім алушылардың кәсіптік тәжірибеден өту мүмкіндігі қамтамасыз етілген:

- 2 курстың оқу тәжірибесі колледж базасында (зертхана, шеберхана) жүргізіледі;
- 0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру» мамандығы бойынша 2 курстың оқу тәжірибесі кәсіпорын базасында өтеді;
- 3-4 курстардың өндірістік тәжірибесі кәсіпорындарда жүргізіледі.

Тәжірибе орнын жоспарлау және келісімдер жасау мамандыққа, кәсіпорын ерекшеліктеріне және тәжірибе түріне (мысалы, жұмысшы мамандығын алуға, технологиялық немесе өндірістік тәжірибе) қарай жүргізіледі. Бұл үшін кәсіпорынның күнтізбелік кестесіне сәйкес келісім жасалады. Келісімде кәсіпорынға тіркелген білім алушылардың аты-жөні және саны көрсетіледі.

Кәсіптік тәжірибеден өтуді, ұйымдастырылуы сапасын бақылауды тәжірибе жетекшісі және директордың оқу-өндірістік жұмыс бойынша орынбасары жүргізеді. Тәжірибе жетекшісі кәсіпорынға бекітілген білім алушыларға барып тұрады, қатысуын тексереді, есебін жүргізеді және кәсіпорынның тәжірибеге бекітілген мамандарымен қарым-қатынас жүргізеді.

Жоспарлау механизмі мен тәжірибені өткізу тәжірибенің барлық т.рлері мен өткізу формалары көрсетілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес оқу кестесі негізінде жүргізіледі.

Оқу, технологиялық және өндірістік тәжірибе туралы бұйрықты директордың оқу-өндірістік жұмыс бойынша орынбасары құрастырады, колледж басшысы қол қояды.

Колледж әкімшілігі мен педагогикалық ұжым түлектердің жұмысқа орналасуына көмек көрсетеді, олардың кәсіптік қызметі мониторингін жүргізеді, мансаптық өсуін және еңбек нарқындағы қозғалысын бақылайды.

Білім беру бағдарламаларының тиімділігінің маңызды критерийлерінің бірі – түлектердің жұмысқа орналасуы. Кәсіптік тәжірибе барысында мекеме жетекшілерімен өздерін тәжірибежүзінде жақсы жағынан көрсете білген білім алушылардың әрі қарай жұмысқа орналасуы талданады.

Бұдан басқа түлектер Жастар бастамасын дамыту Орталығы жүргізетін «Бос орын» жәрмеңкесіне қатысады. Түлектерді жұмысқа орналастыру жүйесі келесі блоктардан тұрады:

- Жас мамандарды жұмысқа орналастыру туралы Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарын түсіндіру бойынша консультативтік көмек беру, түйіндеме құрастыру;
- Жасалған шарттар аясында жұмысқа орналасу, қарым-қатынас шарттарын келісу, жұмыс берушілердің қажеттіліктері мониторингі мәселелері бойынша іс-әрекеттер жүргізіледі.

Түлектердің жұмысқа орналасу жүйесін зерттеу колледж түлектерінің тиімді жұмысқа орналасуына және мансаптық өсуіне көмектесетін жұмыс берушілердің сұранысына, заманауи еңбек нарқы ерекшеліктеріне, колледж бен жұмыс берушілер аясында іскерлік қарым-қатынастар орнатуға, бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және түлектердің нақты кәсіптік қызмет жағдайына бейімделуіне, заманауи технологияларды енгізуге, бағытталған.

Колледж 0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру», 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандықтары бойынша алғашқы түлектерді 2018 жылдың 1 наурызында шығарды.

Аккредиттеудің бір факторы ретінде түлектердің жұмысқа орналасу мониторингі мен кәсіптік қызметі саналады.

АРТА ССК сапары барысында жүргізілген талдау негізгі мақсаты – жұмыс берушілердің сұранысын және қазіргі еңбек нарқы ерекшеліктерін ескеретін, түлектердің жұмысқа орналасуын зерттеу болып табылатын және түлектердің жұмысқа орналасуына көмек беретін орталық құру қажеттілігі бар екенін анықтады.

Соңғы 3 жылда растаушы құжаттар бойынша жекелеген мамандықтар шеңберінде түлектердің жұмыспен қамтылу индексі

№	Мамандық атауы, біліктілігі	2015-2016 оқу жылы			2016-2017 оқу жылы			2017-2018 оқу жылы		
		Барлығы	жұмысқа орналасқаны	%	Барлығы	жұмысқа роено	%	Барлығы	жұмысқа роено	%
1	1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»	34	32	94,1	48	43	89,5	15	12	80

2	0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру»	-	-	-	-	-	-	24	23	95,8
3	0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»	-	-	-	-	-	-	28	28	100

5 кесте

Білім алушылардың үлгерім есебі бақылаудың барлық түрі бойынша жүзеге асырылады: ағымдық үлгерім, аралық аттестаттау және қорытынды аттестаттау. Бақылаудың барлық түрі бойынша білім алушылар рейтингісінің тізімдемелері бар.

Соңғы 3 жыл бойынша жекелеген мамандықтар шеңберіндегі үлгерім қорытындылары

6 кесте

Оқу жылы	Үлгерім	Білім сапасы
1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»		
2015-2016	100	63
2016-2017	100	72,5
2017-2018	100	75,6
0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру»		
2015-2016	100	55
2016-2017	100	69,3
2017-2018	100	76,3
0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»		
2015-2016	100	57,8
2016-2017	100	60
2017-2018	100	63

Колледж білім алушылары өлкеаралық, республикалық және халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына, олимпиадаларға, конкурстарға қатысады.

Колледжде тәрбие қызметінің барлық басымды бағыттары бойынша жұмыс жүргізіледі: азаматтық-патриоттық және құқықтық тәрбие, рухани-адамгершілік және эстетикалық тәрбие, саяси және құқықтық мәдениет, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті, спорттық-сауықтыру және экологиялық, отбасылық тәрбие, студенттік өзін-өзі басқару.

Тәрбиелік үдерісті ұйымдастыру мәселелері колледж басшылығының бақылауында болады, педагогикалық кеңес мәжілістерінде, басшылық кеңесте, күндізгі бөлім кеңесінде және топ жетекшілері кеңесінде қарастырылады.

Колледжде спорттық үйірмелер жұмыс жасайды. Өткен оқу жылымен салыстырғанда үйірмелер саны көбейді.

Үйірмелер	Өткізілу орны	Қатысушылар саны
Тоғызқұмалақ және шахмат	КЭТСПП	50

Вокал	КЭТСПП	25
Таэквондо	«Алатау» СК	55
Тренажер залы	«Казахстан» СК	22
Күрес	СК «Астана» СК	23
Бокс	«Динамо» СК	9
Бассейн	«Жастар» СК	150
Бассейн	«Толқын» СК	24

Аналитикалық бөлім

ССК оқу мекемесінің қызметінде келесі оң факторларды анықтады:

- оқу үдерісіндегі мамандандыру саласы бойынша колледж түлектері «Техникалық және кәсіптік білімді дамыту және біліктілікті берудің республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы» АҚ-та сертификатталады.

- дарынды білім алушыларды қолдау жүзеге асырылады, зияткерлік және шығармашыл қабілеттерді дамыту бойынша жұмыстар жүргізілді;

- түлектремен байланыс орнатылған: олар колледждің іс-шараларына қатысып отырады.

Аккредиттелетін ББ бойынша студенттердің ғылыммен айналысуына ерекше назар: олимпиада, ғылыми конференциялар, әлеуметтік әріптестер шеберлік үлгісі сағатын жүргізеді.

Тестілеу:

- 66,7 % -компьютерлік сыныптар және интернет-ресурстардың қол жетімділігіне;

- 93,8 % емтихандар мен аттестаттаудың әділ жүргізілуіне қанағаттанатынын көрсетті.

«Білім алушылар» стандарты бойынша сапалы ББ және кәсіптік даярлық нәтижесі ретінде жұмысқа орналасу болып табылатынын айтуға болады.

Соңғы 3 жылда растаушы құжаттар бойынша жекелеген мамандықтар шеңберінде түлектердің жұмыспен қамтылу индексі

7 кесте

№	Мамандық атауы, біліктілігі	2015-2016 оқу жылы			2016-2017 оқу жылы			2017-2018 оқу жылы		
		Барлығы	жұмысқа орналасқан	%	Барлығы	жұмысқа орналасқан	%	Барлығы	жұмысқа орналасқан	%
1	1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»	34	32	94,1	48	43	89,5	15	12	80
2	0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру»	-	-	-	-	-	-	24	23	95,8

3	0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»	-	-	-	-	-	28	28	100
---	--	---	---	---	---	---	----	----	-----

Аналитикалық бөлім

Тұтастай алғанда білім алушылармен жақсы тәрбие, әдістемелік және тәжірибелік жұмыстың жақсы деңгейде жүргізіледі.

ССК оқу мекемесінде аталған стандарт бойынша келесі ұстанымдарға назар аударылатынын белгілейді:

- ББ басшылығы ББ білім алушыларын қалыптастыру саясатын ұстануға және рәсімдердің ашық болуына;
- негізгі фактор ретінде жұмысқа орналастыру мониторингісіне және түлектердің кәсіптік қызметіне;
- ББ басшылығы білім алушылардың ТЖКБ ұйымының қызметіне тұтас алғанда және жекелеген қызметі бойынша қанағаттану мониторингісі механизмін құруы;
- ББ басшылығы оқыту нәтижелері бағалары туралы ақпарат кіргізілген кері байланыс жүйесі қызметін жүргізеді.

ССК ұсынымдары:

АРТА ССК аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша колледж қызметін әрі қарай дамыту және жетілдіру мақсатында:

- Көпшілік алдында сөйлеу, тыңдалу дағдылары мен икемділіктерін алу, бейтаныс аудиторияда диалог құру бойынша білім алушыларға арналған жүйелі тренингтер жүргізуді;
- Қызмет көрсету нарқының қажетті талаптарының бірі ретінде ағылшын тілін оқытуды ұсынады.

Критерийлер бойынша ССК қорытындылары:

Аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған бейінінің қанағаттанарлық позициясы -8, жақсартуға ұсынылғаны--2.

5.5. Стандарт «Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын ресурстар»

Дәлелдемелер

Колледждің материалдық –техникалық базасы, оны ұстау тәртібі, қолдану және оқу құрал-жабдықтарымен, ресурстармен қамтамасыз ету ҚР МЖМБС-ға, ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 «ТЖКБ ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары » қаулысына сәйкес.

Қаржылық қызмет ҚР заңнамаларына сәйкес жүргізіледі. Қаржылық жоспарлау кезінде қаржылық тұрақтылық есепке алынады.

Білім үдерісі материалдық-техникалық база негізінде құрылған. МТБ Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжінің жеке меншігіне жатады. Астана қаласының Білім басқармасына қарасты колледж 1205 шаршы метрді құрайтын 2 ғимараттан және ҚР МЖМБС талаптарына сай мамандар даярлауды қамтамасыз ететін материалдық-техникалық базадан тұрады. 1 білім алушыға келетін пайдалы аудан аумағы-2,8 ш/м

Колледжде білімдік қызметтерді сапалы түрде ұсыну, сонымен қатар білім алушылардың жеке дамуы және тәрбиеленуі үшін қолайлы жағдайлар жоспарлы жүргізіледі,

Барлық дәрісханалар пәндердің талаптарына сай жабдықталған. Аудиторлық қорда 12 аудитория, 2 зертханалар, 1 кітапхана бар.

Дәрісханаларда ОТҚ, жабдықтар бар

Әр кабинетте: компьютер (PentiumIV компьютері), экран және мультимедиялық проектор бар. Колледжде заманауи компьютерлік және проекциялық техникамен арнайы жабдықталған 3 кабинет бар.

Колледж 2017 жылдың 14.03 №47 келісім- шартқа сәйкес «Жастар» сарайы МКҚК спорттық кешенін жалға алады.

Колледж спорттық қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған жазғы спорттық кешенге ие, олар:

1 қабатты 2-ші ғимаратта медициналық пункт орналасқан, 2013 жылғы 29 қаңтарда алған № 13001044 лицензиясы бар.

Оның жиынтығына кіреді:

- алғашқы медициналық көмек
- дәрігерге дейінгі көмек.

Колледждің қорылымды бөлімдерінің бірі 1 қабатты оқу ғимаратындағы кітапхана болып табылады, жалпы ауданы 79.7кв метр, 25 орынды оқу залы бар, жалпы ауданы 30,85кв метр, кітап сақтаушы қоры -28 кв. метр.

Қазіргі таңда кітапхананың жалпы қоры 24339 бірлікті құрайды, соның ішінде оқу, оқу- әдістемелік және ғылыми әдебиеттер кіреді, солардың бірі мемлекеттік тілде 10614 дананы құрайды. (әр білім алушыға 38 бірліктен келеді.)

Колледж ғимараты жобалық қуаты 397 орынды оқу корпусына ие.

Ғимараттардың жалпы сипаттамасы

8 кесте

№	корпус	Қолданысқа тапсырылған жылы	Ғимарат көлемі м3	Ғимарат ауданы м2
1	№ 1оқу корпусы	1956	2374	551,9

2	№ 2 оқу корпусы	1956	1478	352,2
3	Жылыжай	2013	763,2	108
4	Шеберхана	2017	75	30
	Қорытынды:		4 690,2	1 042,1

Колледж жер телімінің жалпы ауданы 0,5843 га құрайды.

Оқулық қорының түсімі

9 кесте

№	Оқу жылы	Мемлекеттік тілде оқылатын оқу әдебиеттері	Орыс тілінде оқылатын оқу әдебиеттері	Мемлекеттік тілде оқылатын ОӘК	Орыс тілде оқылатын ОӘК
1	2015-2016	288	276	-	3
2	2016-2017	211	237	2	3

3	2017-2018	318	395	2	2
---	-----------	-----	-----	---	---

Жекелеген мамандықтар бойынша кітапхана қоры туралы деректер

10 кесте

Мамандық атауы	Барлық оқулық саны	Оның ішінде мемлекеттік тілде
0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру»	1415	631
0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»	2522	855
1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»	2522	855

Кітапхана оқырмандарына қызмет көрсету үшін қажетті жағдайлар жасалған. Оқырмандарға қызмет көрсету оқу залында және абонементте жүргізіледі. Оқырмандардың жалпы саны 753, соның ішінде білім алушылардың саны 693.

Мамандықтар бойынша оқу қорының түсімі

11 кесте

Оқу жылы	0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру»		0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»		1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»	
	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
2015-2016	30	24	208	84	158	54
2016-2017	28	30	90	30	90	3
2017-2018	25	57	78	-	78	-

Оқулықпен қамтамасыз ету – білім жүйесі қызметінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Білім жүйесінің келісімімен колледж әрбір білім алушыны МЖМБС ТЖКБ талаптарына сәйкес барлық пәндердің кәсіптік білімдік бағдарламаларының қызметі бойынша негізгі оқулықтармен және оқу-әдістемелік әдебиеттермен, әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етуде.

Осы бағытта 2015 жылдан бастап 2018 жылға дейін оқу-әдістемелік, ғылыми және көркем әдебиеттерді сатып алу 12-кестеде көрсетілген:

Әдебиеттер түрі	2015 год	2016 год	2017 год	2018 год
Мемлекеттік тілдегі ғылыми әдебиеттер	366	146	-	-

Орыс тіліндегі ғылыми әдебиеттер	340	28	-	-
Мемлекеттік тілдегі оқу әдебиеттері	213	130	236	173
Орыс тіліндегі оқу әдебиеттері	88	180	391	199
Мемлекеттік тілдегі оқу-әдістемелік әдебиеттер	3	-	2	2
Орыс тіліндегі оқу-әдістемелік әдебиеттер	1	-	3	4
Мемлекеттік тілдегі көркем әдебиеттер	132	4	-	-
Орыс тіліндегі көркем әдебиеттер	87	2	-	-
Жыл бойына түскен әдебиеттердің саны	1230	490	632	378
Соның ішінде мемлекеттік тілде	714	280	241	177
Жалпы сомасы	672243,00	581060,000	1020851,00	531177,92
шығарылуы	557	55	538	-

Жыл сайын ағымдық мерзімдегі басылымға жазылу жүргізіледі, сол үшін 2017 жылы барлығы 34 атаулы жазылған, соның ішінде мемлекеттік тілде 24 атаулы газет пен журналдар, орыс тілінде 10 атаулы жаздырылған.

АРТА ССК сапары барысында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша кітапхана қорына қол жетімділікке қанағаттанушылық –77,1 %;

Кітапхана мен оқырмандар залында көрсетілетін қызмет сапасына – 60,4 %;

Оқу үдерісіндегі оқу материалдарын қолдануға–85,4%

Компьютерлік сыныптармен және интернет ресурстармен қанағаттанушылық –66,7%

Аналитикалық бөлім

«Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжі» МКҚК базасын қараған кезде колледждің аккредиттелетін бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жағдай жасалғаны белгілі болды. Колледж өз мүмкіндігінше талапқа сай білікті кадрларды даярлау бойынша материалдық-техникалық базаны құрады. Бірақ колледждің материалдық-техникалық базасы жақсартуды қажет етеді.

ССК аталған стандарт бойынша оқу мекемесінде:

- барлық кабинеттердің оқу-тәрбие жұмысын сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік беретін көрнекі және әдістемелік құралдармен, әдістемелік әдебиетпен жабдықталған;
- арнайы оқу – тәжірибелік аландардың болуы тәжірибелік және зертханалық сабақтарды жүргізуге мүмкіндік береді;
- бірақ материалдық-техникалық база жабдықталуды қажет етеді.

ССК ұсынымдары:

- колледж сайтында білімдік ресурстарға, оқу нәтижелеріне, кәсіптік сипаттағы ақпаратқа және т.б. қол жетімділіктің дербестендірілген түрін құру;
- ББ-ны табысты игеруді қамтамасыз ету үшін материалдық-техникалық базаны жаңартуға әлеуметтік әріптестер мен Қамқорлық кеңесін тарту, өйткені оқу құрал-жабдықтары мен өндіріс құрал-жабдықтары барабар болуы қажет. Көрсетілген құрал-жабдықтың сәйкестігі жоқ.

Критерийлер бойынша ССК қорытындылары:

Аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған бейінінің күшті жақтары -1, қанағаттанарлық позициясы -8, жақсартуға ұсынылғаны--6.

5.6. Стандарт «Жекелеген мамандықтар шеңберіндегі стандарттар»

Дәлелдемелер

Әр түрлі деңгейдегі мамандар даярлау мазмұны келесі көрсеткіштермен байланысты: оқытудың ұзақтығы (мерзімі), теориялық және практикалық дайындықтың ара қатынасы, кәсіби және арнайы даярлықтың көлемі мен мазмұны арасындағы ара қатынасы, Осыған байланысты қазіргі заманда білім берудің алдында тұрған негізгі міндеттің бірі- жан-жақты дамыған тұлғаны жан-жақты дамыту мен кәсіби қалыптастыруды қатар жүргізіп отырып, оқыту және тәрбиелеу.

0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру» мамандығы бойынша 0507063 «Қызмет көрсету бойынша менеджер» біліктілігі, 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша 0508063 «Қызмет көрсету бойынша менеджер» біліктілігі, біліктілігін 1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру» мамандығы бойынша 1226033 «Технолог» біліктілігі бойынша даярлық кәсіптік бағытқа сәйкес құрылады.

Білім беру бағдарламасының барлық пәндері іргелі жалпы білім беру және жаратылыстану ғылымдарына негізделеді және мазмұнымен өзара нақты байланысады.

Іргелі жаратылыстану - ғылыми пәндер бойынша дайындық студенттердің бойында негізгі құзіреттіліктердің -зерттеу және өздігінен білім алу- құзіреттілігінің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Ақпараттық-есептеуіш техниканы қолдану кезінде нақты шарттарды сақтау білім беру үдерісінің сапасын көтеру және кәсіби қызметке даярлығын қалыптастыру, ақпараттық модельдеу дағдыларын, үздіксіз білім беру қажеттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

ББ аясында қазіргі жағдай АКТ-ны белсенді пайдалану арқылы қолданады. Сабақ өткізу үшін арнайы жабдықталған аудиториялар бар.

Колледжде барлық мамандықтар бойынша оқу және өндірістік тәжірибенің оқу жұмыс бағдарламалары табысты жүзеге асырылуда.

Тәжірибелік дағдыларға үйрету үшін тәжірибе өтетін мамандандырылған базалармен келісім жасалған.

Кәсіптік тәжірибе кезінде білім алушылардың кәсіби даярлығы жүзеге асырылады, біліктілік сипаттамаларына сәйкес негізгі кәсіби дағдылары мен икемділіктері қалыптасады, нақты кәсіпорынды зерттеу негізінде білім алушылардың білімі кеңейтіледі, тереңдетіледі және жүйеленеді, бастапқы кәсіби тәжірибесі қалыптасады.

Барлық факторлар оқытудың тәжірибелік бағытын күшейтеді, түлектердің еңбек ұжымына бейімделуін жеңілдетеді. Тәжірибе ұзақтығы және мазмұны ТЖКБ МЖМБС талаптарына сәйкес. Тәжірибе базалары студенттердің болашақ кәсіптік қызметіне сай. Тәжірибе өту мерзімі оқу жоспарында қарастырылған сағаттарға сәйкес.

Аналитикалық бөлім

«Жекелеген мамандықтар шеңберіндегі стандарттар» стандартын талдау кезінде білім алушылардың кәсіби ортамен және мамандандыру саласының өзекті мәселелерімен танысу мақсатында, сонымен қатар теориялық дайындық негізінде тәжірибелік дағдыларды алу бойынша білім беру бағдарламасының мамандық бойынша практикалық тәжірибені және дағдыларды алуға бағытталған үйірмелер жұмысы түрінде іс-шаралардан тұратыны байқалды.

Аккредиттелетін ББ бойынша білім алушылардың жетістіктері стандарт талаптарына сәйкес екенін айтып өтуге болады.

ССК аталған стандарт бойынша оқу мекемесінде келесі ұстанымдарға ерекше көңіл бөлінетінін атап өтеді:

- мамандандыру саласында білім алушылардың кәсіби ортамен және мамандандыру саласының өзекті мәселелерімен танысу мақсатында, сонымен қатар теориялық дайындық негізінде тәжірибелік дағдыларды алу бойынша білім беру бағдарламасына мамандық бойынша және негізгі пәндер мен іс-шаралар енгізіледі, оның ішінде: мамандандыру саласы бойынша кәсіпорынға (зауыттарға, шеберханаларға, зерттеу институттарына, зертханаларға және т.б.) жасалған экскурсиялар;

- мамандандыру кәсіпорындарында жекелеген сабақтар өткізіледі;

- тәжірибелік сабақтарды жүргізу үшін, мамандандыру саласындағы кәсіпорындар үшін өзекті тәжірибелік тапсырмаларды орындау үшін шеберханалар пайдаланылады;

-ББ-ға тартылған педагогикалық ұжым қатарына мамандандыру саласында тәжірибесі бар практиктер шақырылады.

Аккредиттелетін ББ-ны жүзеге асыруда колледж қызметін бұдан әрі дамыту және жетілдіру мақсатында АРТА ССК ұсынады:

- ББ басшылығына жаңа технологияларды қолдану және ББ саласында кәсіпорындарда жұмыс тәжірибесі бар жаңа технологиялармен жұмыс жасайтын ұйымдарды тарту арқылы семинар практикумдарды ұйымдастыруды;

- ББ басшылығына ағылшын тілі тасығыштарын оқу үдерісіне тарту немесе тіл үйрену бойынша курстарды ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыруды;

- ТЖКБ саласында халықаралық қарым-қатынас аймағын кеңейту, оның ішінде оқытушылардың академиялық оңтайлылығы және білім беру бағдарламаларын әзірлеу мәселелері бойынша өндірісте заманауи жабдықтарды қолдану арқылы оқытушылардың іс-тәжірибеден (тағылымдамадан) өтуіне жағдай жасау мүмкіндігін қарастыруды.

Критерийлер бойынша ССК қорытындылары:

Аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған бейінінің күшті жақтары -2, қанағаттанарлық позициясы -6, жақсартуға ұсынылғаны--1.

VI. ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША ОҢ ТӘЖІРИБЕНІҢ КҮШТІ ЖАҚТАРЫНА ШОЛУ ЖАСАУ

5.1. Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»

-ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын бар ресурстарға, еңбек нарқы қажеттіліктеріне және ҚР білім беру саясатына барабар болуын қамтамасыз етуі қажет.

5.2. Стандарт «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі»

- ТжКБ ұйымы оқу пәндерінің мазмұны, көлемі және логикасының өзара байланысын, сонымен қатар пәндердің, өндірістік оқытудың және кәсіптік тәжірибенің түлектердің базалық және кәсіптік құзіреттіліктерін қалыптастыруға әсерін анықтауы қажет.

- ББ басшылығы білім алушылардың кәсіптік тәжірибені мамандығы, біліктілігі бойынша өтуін қамтамасыз етуі және білім алушылардың, кәсіпорын жетекшілерінің тәжірибе орнымен және жұмыс берушілермен қанағаттанушылық мониторингін өткізуі қажет.

5.3. Стандарт «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі»

- ББ басшылығы педагогикалық ұжымның кадрлық әлеуетінің білім беру бағдарламасының ерекшелігіне сәйкестігін көрсетуі қажет.

- педагогтардың жұмыс жүктемесіне әр түрлі қызмет түрлері енгізілуі қажет. - ББ басшылығы педагогтардың жоспарланған барлық жүктемелерін орындағанын дәлелдеп көрсетуі керек.

- ББ басшылығы жас мамандарды дамыту бойынша мақсатты іс-әрекеттерді қамтамасыз етуі керек.

- педагогтардың қоғам өміріне қатысуы маңызды фактор болып табылады.

5.4. Стандарт «Білім алушылар»

-

5.5. Стандарт «Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданатын ресурстар»

- -ТжКБ ұйымы білім алушыларды кәсіптік қызметке тарту, педагогикалық ұжымның және білім алушылардың конкурстарға қатысуын қамтамасыз ету арқылы шеберханалар жасау үшін жағдай туғызуы керек.

5.6. Стандарт «Жекелеген мамандықтар шеңберіндегі стандарттар»

- ББ басшылығы дағдылардың наұты еңбек нарқында қажет екенін уәрсетуі керек.

- мамандандыру кәсіпорнында жекелеген сабақтар мен тұтас пәндерді өткізу.

VII. САПАНЫ ЖАҚСARTY БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАРЫ

5.1. Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»

1. Білім беру бағдарламаларының даму Жоспарын колледждің стратегиялық даму Жоспарымен сәйкестікке келтіру;

2. Сертификаттау орталықтарын тарту арқылы мамандықтар бойынша жұмысшы біліктіліктерін тағайындау рәсімдерін әзірлеу және енгізу.

3. Арнайы пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын әлеуеттік әріптестермен келісе отырып бекіту

4. Жаңарту және қайтадан қарастыру мақсатында ББ даму Жоспарын жүзеге асыру мониторингісінің жүйелік механизмдерін анықтау;

5.2. Стандарт «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі»

1. ББ әзірлеуге және жобалауға колледждің институционалды әріптестерін тарту.

2. Оқу жұмыс бағдарламасына жұмыс берушілердің құжаттық ресімделген талаптарын ескере отырып, саланың қазіргі заманғы даму деңгейін көрсететін түзетулер енгізу;

3. Кәсіптік стандарттар, қазіргі заманғы нарық талаптарын (ағылшын тілін және саланың ерекшелігін білу ескерілсін) ескере отырып, әрбір мамандық бойынша түлек моделін қайтадан қарастыру және түлектерді әзірлеуге тарту.

4. Әр мамандық бойынша ББ ерекшелігін ескере отырып, түлек моделін әзірлеу.

5.3. Стандарт «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі»

1. Тиісті салаларда жұмыс тәжірибесі бар мамандарды тартуға және олардың оқытылатын арнайы пәндер бойынша үлесін анықтау

2. Ай сайын 1-2 рет жеке жоспары әзірленген шеберлік үлгісі сағаттары мен тренингтер өткізу арқылы жас педагог Мектебінің жұмысын жандандыру;

3. Жұмыс орындарында ИПҚ арналған курстар ұйымдастыру арқылы ағылшын тілін үйрету бойынша жұмысты жандандыру

5.4. Стандарт «Білім алушылар»

1. Көпшілік алдында сөйлеу, тыңдалу дағдылары мен икемділіктерін алу, бейтаныс аудиториямен диалог құру бойынша білім алушыларға арналған жүйелі тренингтер жүргізуді;

2. Қызмет көрсету нарқының қажетті талаптарының бірін орындау ретінде білім алушылар үшін курстар ұйымдастыру арқылы ағылшын тілін оқыту

5.5. Стандарт «Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданатын ресурстар»

1. Колледж сайтында білімдік ресурстарға, оқу нәтижелеріне, кәсіптік сипаттағы ақпаратқа және т.б. қол жетімділіктің дербестендірілген түрін құру

2. ББ-ны табысты игеруді қамтамасыз ету үшін материалдық-техникалық базаны жаңартуға әлеуметтік әріптестер мен Қамқорлық кеңесін тарту бойынша жұмысты белсендіру, Бұл үшін оқу зертханаларындағы оқу құрал-жабдықтары мен тиісті өндіріс саласының құрал-жабдықтары барабар болуы (мысалы, қонақ үй номері) қажет.

5.6. Стандарт «Жекелеген мамандықтар шеңберіндегі стандарттар»

- ББ басшылығы жаңа технологияларды қолдану және ББ саласында кәсіпорындарда жұмыс тәжірибесі бар жаңа технологиялармен жұмыс жасайтын ұйымдарды тарту арқылы семинар -практикумдарды ұйымдастыруы,

- ББ басшылығы ағылшын тілі тасығыштарын оқу үдерісіне тарту немесе тіл үйрену бойынша курстарды ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыруы

- ТЖКБ саласында халықаралық қарым-қатынас аймағын кеңейту, оның ішінде оқытушылардың академиялық оңтайлылығы және білім беру бағдарламаларын әзірлеу мәселелері бойынша өндірісте заманауи жабдықтарды қолдану арқылы оқытушылардың іс-тәжірибеден (тағылымдамадан) өтуіне жағдай жасау мүмкіндігін қарастыруы қажет.

VIII. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ДАМУ ТҮСІМДЕРІ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАРҒА ШОЛУ
Бағалау кестесі « МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БЕЙІН ПАРАМЕТРЛЕРІ

№ р/с	Бағалау критерийлері	Білім беру ұйымының позициясы			
		Күшті	Қанағаттанарлық	Жақсартуды ұсыну	Қанағаттанғысыз
Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»					
1	ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын әзірлеуді, оның мемлекет, мүдделі тұлғалар мен білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғанын көрсетеді.		+		
2	ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын бар ресурстарға, еңбек нарқы және ҚР білімдік саясатына сәйкестігін қамтамасыз етуі керек.	+			
3	ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын қалыптастыру үшін мүдделі тұлғалар, білім алушылар және педагогикалық ұжым, жұмыс берушілер арасынан топ өкілдерін жасақтауы керек.		+		
4	ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын қалыптастыру үдерісінің ашықтығын көрсетеді. ТжКБ ұйымы мүдделі тұлғалардың ББ даму жоспарының мазмұны және қалыптастыру үдерісі туралы ақпараттандыруды қамтамасыз етеді.		+		
5	ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын қалыптастыру механизмі мен қайтадан қарастыруды, жүзеге асыру мониторингін анықтауы керек.			+	
6	ТжКБ ұйымы ББ жүзеге асыру туралы ақпаратты жүйелі түрде жинақтап, талдайды және барлық бағыттар бойынша өзіндік талдау жүргізеді, ББ даму жоспарын әзірлейді, қайта қарастырады.		+		
7	ББ даму жоспары барлық мүдделі тараптар өкілдерінің қатысуымен ұсыныстар және түзетулер негізінде бұқаралық талдаудан өтеді. Жобаға өзгерістерді өкілетті алқалы орган енгізеді.		+		
8	ТжКБ ұйымы тұрақтылық, тиімділік, нәтижелілік, басымдылық, ашықтық, жауапкершілік қағидаттарын жүзеге асыру дәрежесін, өкілеттілікті және қаржыландыру жүйесінің ара жігін ажырату, өзіндік қағидаттарын көрсетеді.		+		
9	ББ басшылығына :				
9.1	Үдерістер арқылы қызметті басқару		+		

9.2	Жоспарлау механизмі, дамыту және ұдайы жақсарту		+		
9.3	Қызметтегі динамика мен жүзеге асыру жоспарын анықтауға мүмкіндік беретін есептілік үдерістерін құруды қоса алғандағы мониторинг		+		
9.4	Тиімділік және өзгерістерді талдау			+	
9.5	Бөлімшелердің қызмет нәтижелерін және тиімділігін бағалау және олардың өзара іс-әрекеттері		+		
10	ТЖКБ ұйымында ББ жүзеге асырылуын реттейтін барлық негізгі бизнес-үдерістер құжаттандырылуы керек		+		
11	ТЖКБ ұйымы бизнес-үдерістерге жауап беретіндердің нақты анықтамасын көрсетуі, персоналдың лауазымдық міндеттерін нақты бөлуі, ББ жүзеге асыруға қатысатын алқалы органдардың қызметтерін ажырата білуі керек		+		
12	ТЖКБ ұйымы білім беру бағдарламаларды және аталған үдерісті реттейтін құжаттарды бекіту тәртібін, рецензиялауды (қайта қарастыруды) және мониторингін көрсетуі керек.		+		
13	ТЖКБ ұйымы білім алушыларға, қызметкерлерге және мүдделі тұлғаларға бағытталған ақпараттандыру және кері байланыс жүйесінің болуын және тиімді қызмет көрсетуін қамтамасыз етуі керек		+		
14	ББ басшылығы жобалауы, басқарылуы және мониторингі енгізілген ББ сапасын жақсартуды, фактілер негізінде шешім қабылдауды қамтамасыз ету жүйесін көрсетуі керек		+		
15	ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқару жүйесінің ашықтығын дәлелдеуі керек		+		
16	ТЖКБ ұйымы ББ басқару үдерісінде статистиканы жинақтау және талдау жүйесінің қолданылуын дәлелдеуі керек			+	
17	ББ басшылығы педагогикалық ұжымның, персоналдың және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшеу критерийлерімен қамтамасыз етуі және өлшеу үдерісі аясында анықталған кемшіліктерді жоюы керек		+		
18	ББ басшылығы білім алушылар, педагогикалық ұжым және ата-аналар үшін ашықтық пен қол жетімділік дәлелдемелерін көрсетуі керек		+		
Барлығы - 22		1	18	3	
Стандарт «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі»					
Бағалау критерийлері: ББ мазмұны					
19	ТЖКБ ұйымы білім беру бағдарламасы түлегінің білімі, дағдылары, икемділіктері, базалық және кәсіптік құзіреттіліктері, тұлғалық қасиеттері енгізіліп, әзірленген моделі болуын көрсетуі керек		+		

20	ТжКБ ұйымы педагогикалық ұжым мен жұмыс берушілердің ББ әзірлеуге және сапасын қамтамасыз етуге қатысқанын дәлелдеуі керек		+		
21	ТжКБ ұйымы оқу пәндерінің мазмұнын, көлемін және логикасын, сонымен қатар пәндердің, өндірістік оқытудың және кәсіптік тәжірибенің түлектердің бойында базалық және кәсіптік құзіреттіліктердің қалыптасуына әсерін анықтауы керек.	+			
22	ББ басшылығы оқу пәндері мазмұнында кәсіптік контекстің болуын көрсетуі керек.		+		
23	ББ басшылығы теориялық және кәсіби бағыттағы пәндер арасындағы тиімді баланстың болуын көрсетуі керек		+		
24	Пәндердің тізімі мен мазмұны білім алушылар үшін қол жетімді болуы керек		+		
25	Білім беру бағдарламасы құрылымында білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып базалық және кәсіптік құзіреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретін әр түрлі қызмет түрлерін қарастырған дұрыс.		+		
26	Жұмыс берушілердің қызығушылықтары ескеріле отырып білім беру бағдарламаларының жаңартылуы маңызды фактор болып табылады.		+		
Бағалау критерийлері: ББ даралануы					
27	ББ басшылығы білім алушылардың оқыту тілінен тәуелсіз тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуі керек		+		
28	ББ басшылығы жеке көмек қызметінің, білімдік үдеріс мәселелері бойынша кеңес берудің болуын және тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуі керек		+		
29	ББ басшылығы ББ-ны тиімді меңгеру үшін жағдай жасайды		+		
30	ББ басшылығы ББ жүзеге асыру кезінде білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, басымдылықтарын, қажеттіліктерін және мәдени тәжірибесін қолдануын көрсетуі керек		+		
31	ББ басшылығы ББ жүзеге асыру кезінде білім алушыларға жеке қолдауды көрсетуі керек		+		
32	ББ басшылығы білім алушылардың жетістік мониторингі жүйесінің болуын дәлелдеуі керек		+		
Бағалау критерийлері: білім алушылардың нәтижелерін бағалау					
33	ББ басшылығы қамтамасыз етуі керек ашылық ПБ-нің бар болуын қамтамасыз етуі тиіс және оқыту нәтижелерінің тиімді тетігінің жұмыс істеуін объективті, дәл және жан-жақты бағалау		+		

34	ББ басшылығы білім алушыларды оқыту нәтижелерін және базалық, кәсіптік күзінеттіліктерді қалыптастыру деңгейін, құрал-жабдықтардың әділ бағалауды, бағалау құралдарын және механизмнің ашықтығын, сәйкестілігін қамтамасыз ету керек		+		
35	ББ басшылығы білім алушылардың білім, дағды және икемділіктері деңгейінің оқытудың жоспарланған нәтижелеріне және бағдарлама мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс		+		
36	ББ басшылығы білім алушылардың курс бойынша алғашқы оқу кезінде және оқу пәндерін зерттеу барысында білім, дағды және икемділіктері диагностикасын жүргізуі тиіс		+		
37	Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері мен үдерістері ашық болуы тиіс			+	
38	ББ басшылығы білім алушылардың бойында келесі білім деңгейлерінде оқуды жалғастыру дағдыларын қамтамасыз етуі тиіс		+		
Бағалау критерийлері: оқыту әдістемелері					
39	ББ басшылығы оқытудың белсенді әдістері мен инновациялық әдістерін енгізу және жүйелі дамытуды қамтамасыз етуі тиіс		+		
40	Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда білім алушылардың өзіндік жұмысының мониторингі жүргізілуі тиіс		+		
41	ББ басшылығы білім алушылардың мамандық және біліктілігі бойынша өндірістік оқытудан және кәсіптік тәжірибеден өту мүмкіндігін және білім алушылардың, кәсіпорын жетекшілерінің жұмыс орнымен және жұмыс берушілермен қанағаттану мониторингін жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс	+			
42	ББ басшылығы білім үдерісіне оқытушылардың тәжірибелік жетістіктері нәтижелерін енгізуді қамтамасыз етуі тиіс		+		
Барлығы -24		2	21	1	
Стандарт «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі»					
43	бар мамандарды тартуға және олардың арнайы пәндер бойынша оқытылатын үлесін анықтау Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін ББ басшылығы жұмыс тәжірибесі			+	
44	ББ басшылығы педагогикалық ұжымды білім үдерісінде ұдайы инновацияларды қолдануын қолдауы және ынталандыруы тиіс		+		
45	ББ басшылығы педагогикалық ұжымның білім беру бағдарламаларының ерекшелігіне сәйкестігін көрсетуі тиіс	+			
46	ББ басшылығы педагогикалық ұжым туралы деректерді қоғам, жұртшылық үшін қол жетімді болдыруы тиіс		+		

47	ББ басшылығы педагогикалық ұжым қызметін мониторингтелеуді, педагогтардың құзіреттілігін жүйелі түрде бағалауды, оқыту сапасының кешендік бағасын қамтамсыз етуі тиіс		+		
48	Педагогтардың жұмыс жүктемесі әр түрлі қызмет түрлерінен тұруы керек. ББ басшылығы жоспарланған жүктеменің педагогтармен орындалғанын дәлелдеуі тиіс	+			
49	ББ басшылығы жас маамндарды дамыту бойынша мақсатты іс-әрекеттерді қамтамсыз етуі тиіс	+			
50	ББ басшылығы педагогтар мен қызметкерлердің кәсіптік және тұлғалық дамуын ынталандыру механизмдерін көрсетуі тиіс		+		
51	ББ басшылығы педагогикалық ұжымның қанағаттанушылық мониторингін қамтамсыз етуі тиіс			+	
52	ББ басшылығы педагогикалық ұжымның АТ құзіреттілігін, олардың оқытудың инновациялық әдістері мен формаларын қолдануын көрсетуі тиіс		+		
53	Педагогикалық ұжымның өоғам өміріне қатысуы маңызды фактор болып саналады.	+			
Барлығы -11		4	5	2	
Стандарт «Білім алушылар»					
54	ББ басшылығы ББ білім алушылар контингентіе қалыптастыру саясатын рәсімдерінің ашықтығын көрсетуі керек		+		
55	ББ басшылығы білім алушылардың оқу нәтижелеріне орай негізгі ролін түсінуін (кәсіптік, әлеуметтік) көрсетуі керек		+		
56	Мамандандыру саласы бойынша оқу үдерісінде білім алушылардың кәсіптік сертификатталуы маңызды фактор болып саналады			+	
57	Маңызды фактор ретінде дарынды білім алушыларды қолдау бағдарламасы да саналады		+		
58	ББ басшылығы барынша көп күш-жігерін түлектерді қамтамсыз етуге және түлектермен байланысты қолдауға жұмсауы тиіс		+		
59	Түлектердің жұмысқа орналасу мониторингі және кәсіптік қызметі маңызды фактор болып табылады		+		
60	ББ басшылығы белсенді түрде білім алушыларды негізгі бағдарламадан тыс (оқудан тыс қызмет аясында) өзіндік білім алуға ынталандыруы тиіс		+		
61	ББ басшылығы білім алушылардың пікірін білдіру және алмасу мүмкіндіктерін қамтамсыз етуі тиіс			+	
62	ББ басшылығы білім алушылардың тұтас алғанда ТжКБ қызметімен және атап айтқанда жеке қызмет түрлерімен қанағаттану мониторингі механизмін құруы тиіс		+		

63	ББ басшылығы оқыту нәтижелерінің бағалау қорытындылары туралы жедел ақпарат енгізілген кері байланыс жүйесінің қызметін көрсетуі керек		+		
Барлығы -10			8	2	
Стандарт «Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданатын ресурстар»					
64	ББ басшылығы білім алушылардың оқытылатын пәндер бойынша көп бөлігі құрылымдалған, ұйымдастырылған ақпаратқа, мысалы, презентациялық материалдар, дәрістер конспектісі, міндетті және қосымша әдебиеттерді, практикалық тапсырмаларды және т. б. қол жетімділігін қамтамасыз етуі тиіс		+		
65	Білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін қолданылатын оқу жабдықтары мен бағдарламалық құралдар тиісті салаларда қолданылатын құралдарға ұқсас және пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарына жауап бере алатын болуы тиіс			+	
66	ТжКБ ұйымы білім алушылардың базалық және кәсіптік құзіреттіліктерін қалыптастыратын және жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеретін оқу ортасын құрады		+		
67	ТжКБ ұйымы білім алушыларды өндірістік қызметке тарта отырып, педагогикалық ұжым мен білім алушылардың конкурстарға қатысуын қамтамасыз ете отырып, шеберханалар дамыту үшін жағдайлар жасауы тиіс	+			
68	ТжКБ ұйымы ББ бойынша материалдық-техникалық ресурстардың даму динамикасы бағасын жүргізуі және ақпараттық қамтамасыз етілуін жүргізуі тиіс		+		
69	ТжКБ ұйымында ББ оқыту ортасы құрылуы тиіс, оған:				
69.1	-Білім беру бағдарламасы ерекшелігіне сәйкес білім алушылар мен педагогикалық ұжымның технологиялық қолдауы;		+		
69.2	-Академиялық қол жетімділік –білім алушылар дербестендірілген білімдік ресурстарға жету мүмкіндігіне ие;			+	
69.3	-Академиялық кеңес беру- академические консультации – білім алушыларға көмек беретін дербестендірілген білімдік ресурстар;			+	
69.4	-Кәсіптік бағдарлау- мансаптық жолдарды таңдау және жетуге көмек беретін дербестендірілген білімдік ресурстарға жету мүмкіндігі;			+	
69.5	-Заманауи оқыту құралдарымен жабдықталған және санитарлық- эпидемиологиялық нормалар мен талаптарға сәйкес қажетті аудиториялар саны;			+	
69.6	-Қажетті компьютерлік сыныптар, оқырман залы, мультимедиялық және лингафондық кабинеттер		+		

	саны тиісті орын санын қоса алғанда;				
69.7	-Кітап қоры, оның ішінде қағаз және электронды тасығыштардағы оқу және әдістемелік әдебиет қоры, оқыту тілдері шеңберінде мерзімдік басылымдар;		+		
69.8	-Білімдік интернет-ресурстарға еркін қол жетімділік.		+		
70	ББ басшылығы ББ оқу үдерісіне енгізілген ақпараттық технологиялар деңгейін анықтауы, педагогикалық ұжымның оқытудың инновациялық технологияларын, оның ішінде АКТ негізінде қолдану және әзірлеуін жүргізуі тиіс		+		
71	ББ басшылығы веб-ресурста ББ-ны сипаттайтын ақпаратты көрсетуі тиіс			+	
Барлығы -15		1	8	6	
Стандарт «Жекелеген мамандықтар шеңберіндегі стандарттар»					
Әлеуметтік ғылымдар, қызметтер, экономика, бизнес және құқық					
72	Қызмет көрсету, экономика және басқару бағыттары бойынша білім беру бағдарламалары мысалы, 0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымастыру», 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы келесі талаптарға жауап беруі тиіс: ББ басшылығы руководство ОП кепілдік беруі тиіс қол жеткізу, білім алушылардың, ең заманауи және өзекті мәліметтерге (статистика, жаңалықтар, ғылыми нәтижелер) мамандану саласында қағаз (газеттер, статистикалық жинақтар, деректер, оқу) және электрондық тасығыштарда қол жетімділікті қамтамасыз етуі керек		+		
73	Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес бағыттары бойынша ББ келесі талаптарға жауап беруі тиіс:				
74	ББ мақсаттары мен нәтижелері білім алушылардың еңбек нарығында талап етілген нақты дағдыларды алуға бағытталуы тиіс		+		
76	ББ басшылығыбұл дағдылардың еңбек нарқында алынғанын көрсетуі тиіс	+			
77	ББ білім алушылардың өндірістік тәжірибе,кәсіпорында оқу, тәжірибе мамандарының лекцияларына және шеберлік үлгісі сағаттарына қатысу сияқты нақты практикалық тәжірибе алуы және теориялық білімді қолдана алуы үшін ББ-ға нақты пәндер саны мен іс-шаралар енгізілуі керек		+		
Жаратылыстану және техникалық ғылымдар					
78	Техникалық бағыттағы білім беру бағдарламалары, атап айтқанда: 1226000 « Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру» мамандығыкелесі талаптарға жауап бере алуы керек:				

79	білім алушылардың кәсіби ортамен және мамандандыру саласының өзекті мәселелерімен танысу мақсатында, сонымен қатар теориялық дайындық негізінде тәжірибелік дағдыларды алу бойынша білім беру бағдарламасының мамандық бойынша практикалық тәжірибені және дағдыларды алуға бағытталған ББ-ға кәсіптік пәндер енгізілуі керек		+		
80	мамандандыру саласы кәсіпорнында (зауыттар, шеберханалар, зерттеу институттары, зертханалар және т.б.)		+		
81	мамандандыру саласы кәсіпорнында жеке сабақтар мен тұтас пәндерді өткізу	+			
82	Тәжірибелік сабақтарды жүргізуге арналған шеберханаларды пайдалану, мамандандыру саласы кәсіпорнында маңызы бар тәжірибелік міндеттерді шешу және т.б.		+		
83	ББ-ға тартылған педагогикалық ұжым ББ мамандандыру саласында жұмыс тәжірибесі бар практиктерді енгізуі керек			+	
Барлығы -9		2	6	1	
Барлық стандарттар бойынша		17	60	12	